

Ауыл тағдыры ауылдықтардың қолында



Жараспай ауылы негізінде кезінде алғашқылардың бірі болып ірі шаруашылық ұйымда- сқан болатын. Құрамында үш бірдей бөлімшесі; Қырауқамыс, Малайқұдық, Арықты елді-мекендері, мыңғырлаған мал мен мая-мая шебі бар, жайылымы мол, жері де суы да мал ерісіне өте қолайлы болатын.

Қазіргі кезеңде осы үш бөлімшеден тек біреуі ғана сақталған. Жалпы алғанда, қазіргі кезеңде бұл ауылда бір ЖШС және 25 шаруа қожалығы бар екен. «Жараспай» ЖШС-гі биыл 6000 гектарға егін себуді көздеп отыр, бірақ біз барғанда науқан әлі басталған жоқ. «Басшы тұқымға кетті»,- деген жауаппен қанағаттандық. Ал шаруа қожалықтарының 11-і егін себеміз деп отыр. 6-уы мал азығын дайындауға бел буған, ал 8-інің не істейтіні белгісіз, кейбіреулерінен хабар жоқ, себебі иелері - ол жақ- та тұрмайтындар. Тек біреуі ғана жерін қайта тапсырған екен.

Бүгінгі күні ауылдағы дамуға бөгет, адымымызды аштырмай тұрған ең үлкен мәселе Елбасының сөзімен айтсақ - ұсақ тауарлы қарадүрсін бытыраңқы шаруа қожалықтарының көп болуы. Бұл әсіресе егін шаруашылығындағы еткір мәселе.

Мал азығын әзірлеп, ауылдастарын қамтамасыз етсе, әрине бұл өте құптарлық жағдай. Ал өткен қыста мал иелерінің меншікті малдарына



қысқы жем-шепті жеткіліксіз жи- намағандықтарынан кектемде ауыл бойынша біраз қара мал шетінеген. Оған мал иелерінің өздері ғана кінәлі. Ендеше еткен қыстың нәтижесінен тиісті қорытынды шығару қажет.

Төрт түлік көшпенді ғұмыр кешкен қазақтар үшін негізгі тіршілік көзі болды. Сондықтан олар мал өнімдерін барынша ұқсатып пайдалануға тырыс- ты. Малдың еті мен сүтін, терісі мен жүнін былай қойғанда, те- зегіне дейін қажетіне жаратты. Бүгінгі нарық заманында мал өнімдерін еңдеуден өткізіп, ұқсатып пайдаланудың маңы- зы еселеп артып отыр.

Республикалық агро- енеркәсіп кешені қызметкер- перінің кеңесінде мал есіру проблемасына ерекше кеңіл

белінді, атап айтсақ, мал өнімдерін өндірушілерге үкімет тарапынан субсидия бөлінетін болды. Ауылдағылардың осы жайтты да ескергендері жөн. Жалпы алғанда, Жараспайда мал өнімдерін өндіруге, мал азығын әзірлеуге таоиги жағ- дайлар баршылық.

Ал ауылдың әлеуметтік жағ- дайына келсек, атқарушы биліктің қамқорлығы арқасын- да, аудандық бюджет тырыс- на орта мектеп күрделі жөнде- уден өткізілді.

Бірнеше жылдан бері қаңырап тұрған Мәдениет үйі де күрделі жөндеуден өткізіліп, ауыл тұрғындарына есігін айқара ашты. Фельдшерлік - акушерлік пункта да жөндеу жұмыстары жүргізілді, яғни әле- уметтік объектілер халыққа қалтқысыз қызмет етуде.

Көптен бері жараспайлық- тар ауыз судан тапшылық керіп келді, енді биыл ол про- блема да шешуін тапты. Облы- стық бюджет қаржысына ауыл- да су құбырлары жүргізілетін болды. Мердігер - Астана қаласының «Нұрайстрой» ЖШС-гі су құбырларын жүргізу жұмыстарын бастады.

Онымен қоса, осы маңнан мұнай көзінің табылуы және оны зерттеу жұмыстардың ба- сталуы дайындықтың жүргізіліп жатқаны кеңілге жұба- ныш, яғни жаңа жұмыс орын- дары ашылады деп күтілуде.

Сезімді қорытындылай келе, нарықтың етпелі кезеңі, әрине, ең алдымен ауылға кері әсерін тигізді. Дегенмен, қазір заман түзелді, ауыл адам- дары «дайын асқа тік қасық» деген ойдан арылып, өз күнін

өзі көруге, бүгінгі заман тала- бына бейімделе бастаған си- яқты. Яғни, қазір әркімнің өз тағдыры өзінің қолында. Қалай еңбектенсең, солай күніңді көресің.

Ауылымыз гүлдене берсін, оған барлық ауылдастар ат салыссын! Сонда ғана «Ауылым - алтын бесігім» деген қағиданың шындық екенін дәлелдейміз.

М ұ Ң

Бөлекбай Ризагүл, 6-сынып.

*Сүйемін туған жерім
Жараспайды,
Әлпештеп,
әлди пеген туған жерді.
Алыстап кетсем
сені сағынамын,
Жанымда
сақталасын менің мәңгі.*

*Өркенде, көркей
менің туған жерім!
Әппештеп,
әлдилеген туған елім.
Көркейсең туған жерім
мәз боламын,
Көркейюіне менде күш саламын.*

*Мынә жағдай кетпей
қойды есімнен,
Жанға батар кешсе
көріпін ауылдан.
Неге көшті? - сұрақ
қойдым анама,
Анам қарап күрсінді
гой жай ғана.*

*Үнсіз қапып қараймын
мен далаға,
Көршім көшті тастап
туған ауылды.
Түсінбедім, ойнап
кеттім, ұмыттым,
Көшке таман өріске
қарай жүгірдім.*

*Ауылдағы жол
шетіне шығып мен,
Ауылыма көз жүгіртіп
жібердім.*

*Ауыл толғап
қаңыраған бас үйлер,
Қарап тұрдым,
таңырқадым, жағдайға.
Сонда көзге жас келіп,
көп жыладым.
Көршілердің
мұның енді түсіндім.*

*Ауылымды көркейтуге
тілектеспін,
Мұндай жағдай
ешкімге де тілеместің.
Ауылымды мұндай
халге жеткізген,
Пенделерді, ана жерім,
кешірсің!*

*Туған жерім
жарқырасын,
жайнасын,
Қозы-лақтар кең
далама сыймасын.
Құлазыған үйлер
қайта жаңғырып,
Жараспайым құт-
мекенге айналсын!*